

Міндетті зейнетақы жарналарының есептелген, ұсталған (есептелген) және аударылған сомалары, әлеуметтік аударымдардың есептелген және аударылған сомалары бойынша есепті тапсыру нысаны мен ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 23 қаңтардағы N 25 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 11 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 4086. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 603 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы Министрінің 2008.12.23 N 603 Бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" және " Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Зандарына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н

:

1. Міндетті зейнетақы жарналарының есептелген, ұсталған (есептелген) және аударылған сомалары, әлеуметтік аударымдардың есептелген және аударылған сомалары бойынша есепті тапсыру нысаны мен ережелері (201.04-нысан) бекітілсін .

2. "Міндетті зейнетақы жарналарының есептелген, ұстап қалған (есептелген) және аударылған сомалары бойынша есеп тапсыру ережелерін және есеп нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2005 жылы 31 қаңтарда N 3411 тіркелген, "Юридическая газета" 2005 жылы 21 қыркүйекте N 173 (907) жарияланды) күші жойылды деп танылсын .

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Әдістеме басқармасы (Ж.С.Есмағанбетова) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2006 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқық қатынастарға қолданылады.

Төраға

К е л і с і л г е н
Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты

2006 жылы 30 қаңтар

Қазақстан

Республикасы

Қаржы

министрлігінің

Салық

комитеті

Төрағасының

2006

жылғы

23

қаңтардағы

N

25

бұйрығымен

бекітілген

**Міндетті зейнетакы жарналарының есептелген, ұсталған
(есептелген) және аударылған сомалары, әлеуметтік
аударымдардың есептелген және аударылған сомалары бойынша
есепті тапсыру ережелері (201.04-нысан)**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі - Салық кодексі) және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" (бұдан әрі - зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң) және "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" (бұдан әрі - міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заң) Заңдарына сәйкес әзірленді және Зейнетақымен қамтамасыз ету туралы заң 22-1-бабының 2-тармағында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 қаулысымен бекітілген Міндетті зейнетакы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың (есептеудің) және міндетті зейнетакы қорларына аудару ережесінің 5-тармағында, сондай-ақ Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заң 14-бабының 1-тармағында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы N 683 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік аударымдарды есептеу ережесінің 7-тармағында белгіленген мөлшерлерде жеке кәсіпкерлердің (шаруа (фермер) қожалықтарына арналған арнаулы салық режимдерін қолданатындарды және оңайлатылған декларация және патент негізіндегілерді қоспағанда), адвокаттардың және жеке нотариустардың, сондай-ақ бір жолғы талонның негізіндегі салық режимін қолданатын жеке тұлғалардың өз пайдасына есептелген, ұсталған (есептелген) және аударылған міндетті зейнетакы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың есептелген және аударылған сомалары бойынша есепті тапсыру (бұдан әрі - Есеп) тәртібін көздөйді.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті тәрағасының 2006 жылғы 21 желтоқсандағы N 649 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараныз) бұйрығымен .

2. Есеп есепті тоқсаннан кейінгі айдың он бесінші күнінен кешіктірілмей тапсырылады.

3. Есепті жасаған кезде:

1) қағаз таратушыда шарикті немесе қаламұшты қаламмен, қара немесе көк сиямен, бас баспа әріптерімен немесе баспа құрылғысымен толтырылады;

2) электрондық таратушыда - Салық кодексінің 69-бабына сәйкес толтырылады.

4. Есепті жасау кезінде түзетуге, тазартуға және былғауға жол берілмейді.

5. Көрсеткіштер болмағанда Есептің тиісті ұяшықтары толтырылмайды.

6. Есепті ұсынған кезде:

1) қағаз таратушыда барып тапсыру тәртібімен - екі данада жасалады, бір данасы салық органының белгісімен салымшыға қайтарылады;

2) хабарламалы тапсырыс хатпен поштамен жібергенде - салымшы хабарламаны пошта немесе өзге байланыс ұйымы арқылы алады;

3) электронды түрде барып тапсыру тәртібімен, не электронды пошта бойынша жібергенде Салық кодексінің 69-бабының 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес кәсіпкер салық органында не электрондық поштамен Есеп қабылданғаны (жеткізілгені) туралы хабарлама алады.

7. Есепке қол қойылады және Салық кодексінің 69-бабына сәйкес расталады.

8. Қызметін»"Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер Есептің тиісті жолдарын толтырған кезде міндettі зейнетақы жарналарын есептеу үшін сомасы, әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін мәлімделетін сомасы, бірлескен кәсіпкерлікке барлық қатысушылар бойынша табыстың жалпы сомасы, сондай-ақ қайта есептелуге жататын міндettі зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдардың сомасын көрсетеді.

Ескерту: 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті тәрағасының 2006 жылғы 21 желтоқсандағы N 649 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараныз) бұйрығымен .

2. Есепті жасау (201.04-нысанды)

9. "Салымшы (төлеуші) туралы жалпы ақпарат" бөлімінде салымшы (төлеуші) мұнадай деректерді көрсетеді:

1) салық төлеушінің тіркеу нөмірін;

2) Есеп беріліп отырған есепті кезең. Есепті беру үшін есепті кезең тоқсан

б о л ы п

т а б ы л а д ы ;

- 3) салымшының (төлеушінің) аты-жөні;
- 4) Есептің түрі.

Бұл торкөздер Салық кодексінің 69 және 71-баптарына сәйкес белгіленеді. Есеп түріне қарай тиісті торкөз белгіленеді.

"Бастапқы" торкөзі егер Есеп салық төлеушіні мемлекеттік тіркелгеннен кейін алғаш рет берілсе белгіленеді.

Одан кейінгі Есептер беру кезінде, "Кезекті" торкөзі белгіленеді.

Бұрын берілген Есепке өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде, "Қосымша" тор көзі белгіленеді.

"Хабарлама бойынша" торкөзі, егер салық төлеушімен Салық кодексінің 31-бабының 2-тармағы 7) тармақшасында қарастырылған хабарлама алынса, соның негізінде бұрын көрсетілген Есепке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ететін жағдайда белгіленеді. Бұл жағдайда салық төлеушімен "Хабарлама бойынша" және "Қосымша" тор көздері бір уақытта белгіленеді.

салымши қызметін тоқтатқан жағдайда салық органына тапсырған соңғы Есепте "тарату" торкөзі белгіленеді.

5) хабарламаның нөмірі мен күні, хабарлама бойынша қосымша Декларация табыс еткен жағдайда толтырылады;

6) салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдерді есептеу мен төлеу жүзеге асырылатын салық режимі.

Оз қызметін жалпы белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын салымши (төлеуші) - жеке кәсіпкер "жалпы бірдей белгіленген тәртіп" деген ұяшықты көрсетеді.

Салымши (төлеуші) - адвокат "адвокаттар үшін" деген ұяшықты көрсетеді.

Салымши (төлеуші) - жеке нотариус "жеке нотариустар үшін" деген ұяшықты көрсетеді.

Арнаулы салық тәртібін біржолғы талон негізінде қолданатын салымши (төлеуші) - жеке кәсіпкер "біржолғы талон негізіндегі" деген ұяшықты көрсетеді.

Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне арналған арнаулы салық тәртібін қолданылатын салымши (төлеуші) - жеке кәсіпкерлер "кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне арналған" деген ұяшықты көрсетеді.

Бір жолғы талонның негізіндегі арнаулы салық режимін қолданатын салымши (төлеуші) - жеке тұлға "бір жолғы талон негізіндегі жеке тұлға" ұяшығын көрсетеді.

10. "Міндепті зейнетақы жарналарын есептеу" бөлімінде:

1) 201.04.001A, 201.04.001B, 201.04.001C жолдарында есептік кезең ішіндегі тиісінше 1, 2 және 3 айлардағы мәлімделетін табысы көрсетіледі. Мәлімделетін табыс жинақтаушы зейнетақы қорларына өз пайдасына міндепті зейнетақы

жарналарын есептеу үшін жеке кәсіпкер, адвокат және жеке нотариус дербес белгілейтін табыс болып табылады.

201.04.001D жолда 201.04.001A, 201.04.001B, 201.04.001C жолдардың сомасы ретінде айқындалатын, есепті кезең үшін мәлімделетін табысы көрсетіледі.

201.04.001E жолда есепті кезендейгі Есептің 201.04.001D және осының алдындағы есепті кезендейгі Есептің 201.04.001E жолдарының сомасы ретінде анықталатын жылдың басынан бастап мәлімделетін табысы көрсетіледі;

2) 201.04.002A, 201.04.002B, 201.04.002C жолдарында міндettі зейнетакы жарналарының есепті кезенің тиісті 1, 2 және 3 айларында жинақтаушы зейнетакы қорына аударуға жататын сомасы көрсетіледі.

201.04.002D жолда 201.04.002A, 201.04.002B, 201.04.002C жолдардың сомасы ретінде анықталатын, жинақтаушы зейнетакы қорларына аударылуға тиісті міндettі зейнетакы жарналарының сомасы көрсетіледі.

201.04.002E жолда есепті кезендейгі Есептің 201.04.002D және осының алдындағы есепті кезендейгі Есептің 201.04.002E жолдарының сомасы ретінде анықталатын, жылдың басынан бастап жинақтаушы зейнетакы қорына аударылуға тиісті міндettі зейнетакы жарналарының сомасы көрсетіледі;

3) 201.04.002F, 201.04.002G, 201.04.004H жолдарында бір жолғы талондар сатып алғынған отыз күннің біту күні көрсетіледі. Осы жолдарды Есептің "Салымшы (төлеуші) туралы жалпы ақпарат" бөлімінің "6F" ұяшығын белгілеген тұлғалар

т о л т ы р а д ы .

Ескерту: 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 21 желтоқсандағы N 649 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

11. "Әлеуметтік аударымдар" бөлімінде:

1) 201.04.003A, 201.04.003B, 201.04.003C жолында есепті кезенің 1, 2 және 3 айларында әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін қабылданатын табыс көрсетіледі ;

2) 201.04.003D жолында 201.04.003A, 201.04.003B, 201.04.003C жолдарының сомасы ретінде айқындалатын есепті салық кезеңі үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін қабылданатын табыс көрсетіледі;

3) 201.04.003E жолында есепті кезең Есебінің 201.04.003D және алдыңғы есепті кезең үшін Есептің 201.04.003E жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жылдың басынан бастап әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін қабылданатын табыс көрсетіледі;

4) 201.04.004A, 201.04.004B, 201.04.004C жолдарында сәйкесінше есепті кезенің 1, 2 және 3 айлары үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударылуы тиіс әлеуметтік аударымдардың сомасы көрсетіледі;

5) 201.04.004D жолында 201.04.004A, 201.04.004B, 201.04.004C жолдарының

сомасы ретінде айқындалатын есепті кезең үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударылуы тиіс әлеуметтік аударымдардың сомасы
көрсетіледі;

6) 201.04.004Е жолында есепті кезең Есебінің 201.04.004D және алдыңғы есепті кезең үшін Есептің 201.04.003Е жолдарының сомасы ретінде айқындалатын жылдың басынан бастап Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударылуы тиіс әлеуметтік аударымдардың сомасы көрсетіледі.

Нысан	201.04	Бет	01
Қазақстан		Республикасының	
Қаржы		министрлігінің	
Салық		комитеті	Төрағасының
2006	жылғы	23	қаңтардағы
N 25 бұйрығымен бекітілген			

**Міндетті зейнетакы жарналарының есептелген,
ұсталған (есептелген) және аударылған сомалары,
әлеуметтік аударымдардың есептелген және
аударылған сомалары бойынша есеп**

(Қағаз мәтіннен қараңыз)

Ескерту: Нысан жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының 2006 жылғы 21 желтоқсандағы N 649 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .